

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3615

Қазақстан Республикасы Кеден-тариф кеңесіне жүктелген функциялардың орындалуына байланысты қаулы етемін:

Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Кеден-тариф кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 27 желтоқсандағы N 1478 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 50, 595-құжат);

"Қазақстан Республикасының Кеден-тариф кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 қаңтардағы N 2030 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 3, 33-құжат);

"Қазақстан Республикасының Кеден-тариф кеңесінің құрамына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 27 сәуірдегі N 2242 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Президенті